

**Пайдалы қазбалардың кең таралғандарын қоспағанда, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты рентабельділігі төмен санатқа, сондай-ақ кен орнын (кен орындары топтарын, кен орнының бір бөлігін) тұтқырлығы жоғары, су алған, шығымы аз немесе сарқылған кен орындарының санатына жатқызу бойынша ұсынымдарды әзірлеу жөнінде ведомствоаралық комиссия құру туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2017 жылғы 16 қазандағы № 146-ө өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 29 сәуірдегі № 268 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.04.2022 № 268 қаулысымен.**

1. Осы өкімге қосымшаға сәйкес құрамда Пайдалы қазбалардың кең таралғандарын қоспағанда, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты рентабельділігі төмен санатқа, сондай-ақ кен орнын (кен орындары топтарын, кен орнының бір бөлігін) тұтқырлығы жоғары, су алған, шығымы аз немесе сарқылған кен орындарының санатына жатқызу бойынша ұсынымдарды әзірлеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Комиссия туралы ереже бекітілсін.

*Премьер-Министр*

*Б. Сағынтаев*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2017 жылғы 16 қазандағы  
№ 146-ө өкіміне  
қосымша

**Пайдалы қазбалардың кең таралғандарын қоспағанда, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты рентабельділігі төмен санатқа, сондай-ақ кен орнын (кен орындары топтарын, кен орнының бір бөлігін) тұтқырлығы жоғары, су алған, шығымы аз немесе сарқылған кен орындарының санатына жатқызу бойынша ұсынымдарды әзірлеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы**

**Ескерту. Құрамға өзгерістер енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің 30.03.2019 № 41-ө; 06.12.2020 № 222-ө өкімімен; ҚР Үкіметінің 01.10.2020 № 624 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.02.2021 № 98 қаулыларымен.**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, төраға;  
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі, төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Салық және кеден саясаты департаментінің директоры, хатшы

Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономикасының вице-министрі

Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі

Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі

Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі

Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

"Тау-кен өндіру және тау-кен металлургиясы кәсіпорындарының республикалық қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігінің атқарушы директоры (келісім бойынша)

"KazEnergy" Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігінің атқарушы директоры (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2017 жылғы 16 қазандағы  
№ 146-ө өкімімен  
бекітілген

**Пайдалы қазбалардың кең таралғандарын қоспағанда, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты рентабельділігі төмен санатқа, сондай-ақ кен орнын (кен орындары топтарын, кен орнының бір бөлігін) тұтқырлығы жоғары, су алған, шығымы аз немесе сарқылған кен орындарының санатына жатқызу бойынша ұсынымдарды әзірлеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ереже**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Пайдалы қазбалардың кең таралғандарын қоспағанда, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты рентабельділігі төмен санатқа, сонымен қатар кен орнын (кен орындары топтарын, кен орнының бір бөлігін) тұтқырлығы жоғары, су алған, шығымы аз немесе сарқылған кен орындарының санатына жатқызу бойынша ұсынымдарды әзірлеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия (

бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия қызметінің мақсаты пайдалы қазбалардың кең таралғандарын қоспағанда, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты рентабельділігі төмен санатқа, сондай-ақ кен орнын (кен орындары топтарын, кен орнының бір бөлігін) тұтқырлығы жоғары, су алған, шығымы аз немесе сарқылған кен орындарының санатына жатқызу бойынша ұсынымдарды әзірлеу болып табылады.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын және Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

5. Комиссия отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

## **2. Комиссияның міндеті**

6. Комиссияның негізгі міндеті:

1) рентабельдігі төмен келісімшарт бойынша пайдалы қазбаларды өндіру салығы мөлшерлемесінің мөлшері (келісімшартты рентабельдігі төмен санатқа жатқызу туралы ұсынымдар шығарған жағдайда);

2) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты рентабельдігі төмен санатқа жатқызу немесе жатқызудан бас тарту;

3) пайдалы қазбалардың кең таралғандарын қоспағанда, кен орнын (кен орындары топтарын, кен орнының бір бөлігін) тұтқырлығы жоғары, су алған, шығымы аз немесе сарқылған кен орындарының санатына жатқызу бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

## **3. Комиссияны ұйымдастыру және оның жұмыс тәртібі**

7. Комиссияның ұйымдастырылуы мен жұмыс тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.